

ҚАЗАҚСТАНДА ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Амангелді Әсел Мұратқызы

assel.0101@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің 4 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар кафедрасының
т.ғ.к., доцент А.А.Турунтаева

Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы біздерге, нағыз прагматикалық, нақты әрі түйінді, еліміздің болашағы үшін тағдыр-шешті мәселелерді көтерген атаулы құжат болды.

Жолдау біздің еліміздің ширек ғасыр ішіндегі екі жаңғырту үрдісін аяқтап, үшінші, экономикамыздың әлемдік өсімінің лайықты деңгейге жетуін қамтамасыз ететін, жеделдетілген технологиялық жаңғыртылу басымдығына көшуімізді айқындап берді.

Сол жолдаудың негізінде елімізде жаңа технологияны жетік меңгере түсу үшін «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қабылданды. Ол 4 бағыт бойынша жүзеге асырылады. Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру. Екінші бағыт – көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда, экономиканың салаларына цифрлы технологияны ендіру. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру және төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау [1].

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады. Бағдарламаны іске асыру үшін республикалық бюджет қаражатынан 141 млрд. теңге көлемінде қаржыландыруды тартуды болжайды. Сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінен 169 млрд. теңге қаражат тартылады деп күтілуде. Бағдарлама жұмыспен қамту құрылымында елеулі өзгерістерге әкеледі, атап айтқанда, 2022 жылға қарай цифрландыру есебінен 300 жұмыс орны құрылады.

Цифрлы технология біздің өмірімізге тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдары-ақ батыл енгізіле бастады. Ең алдымен, мектептерді жаппай компьютерлендіру қолға алынды. Компьютерлер кеңседе де, үйде де негізгі ақпараттық құрал ретінде пайдаланыла бастады, ақпаратпен орындалатын кез- келген жұмыс компьютер көмегімен жүзеге асырылатын болды. Ақпаратты сақтау да, тасымалдау да жолға қойылды. Сымсыз телефондар, желілік телеарна – осы бағдарламаның жемісі. Жаңа дамып келе жатқан жасанды интеллект белгілі бір алгоритм жоқ жерде пайдалануға жол ашады.

2011 жылдың 18 қаңтарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен ұлттық жерсеріктік «OTAU TV» телерадио хабар тарату желісі іске қосылған болатын. Бүгінде ұлттық оператор қызметін пайдаланатын үй шаруашылықтарының саны миллионға жетуге жақын. Цифрлы стандартқа көшкен сәтте, Қазақстанда жер-серіктік жүйе абоненттерінің саны небәрі 6 300 болғанын ескерсек, бұл көрсеткіш аталған қызметтің халық арасында үлкен сұранысқа ие екенін көрсетеді. Бұл, әсіресе, ауыл тұрғындарына қатысты, өйткені, оның абоненттерінің 70 пайызы ауылдық жерлерге келеді.

Н.Назарбаевтың жолдауында елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиістігі баса айтылды. Ал ол үшін, ең алдымен, тағы сол ІТ саласына басымдық беріледі.

Жалпы, Қазақстанда ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға ендіру жұмыстары осыдан он жыл бұрын сәтті басталған. Оған мысал келтіруге болады, ол – «eGov» жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі. Дәл осы жүйенің көмегімен бүгінде жүздеген операцияны компьютер алдында отырып-ақ жүргізе аласыз. Құжат ресімдеу, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын, салық, айыппұл, сақтандыру және өзге де қызмет түрлерін үйде отырып төлеуге кез- келген қазақстандықтың мүмкіндігі бар. Бұл істер алдағы кезде одан әрі жетілдіріле түседі [2].

Ақпараттық технологиялар қарыштап дамып бара жатқан мына заманда ІТ саласын дамытпасақ, дамыған 30 елдің қатарынан көріну қиын. Өйткені, өркениетті елдердің барлығы осы цифрлы жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуын және халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді.

Қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын 80 пайызға дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрлы хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 пайызға дейін арттыру көзделуде.

Қарап отырсақ, бұл жұмыстардың барлығы атқарылып жатыр. Интернет желісі қолжетімді болу үшін облыс, аудан орталықтарынан бөлек, шалғайдағы ауылдарға да қолайлы жағдай жасалуда. Мұның барлығы санды технологияны ендіру үшін жасалған қадамдар болатын. Айналасы бірнеше жылдың ішінде қазақстандықтар неше түрлі ұялы телефондарды ұстады. Жыл өткен сайын олардың функциялары өзгеріп, мүмкіндіктері де арта түсті. Алғашқыда тек байланыс құралдары үшін қолданылған телефондар бірте-бірте айфон, айпад, смартфондарға ауысты. Бүгінде ұялы телефоныңыз тек байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар, интернет желісіне еркін қосылатын компьютер іспетті. Адамдар ұялы телефондарына сан алуан әлеуметтік желілерді жүктеп, қоғамда орын алған оқиғаларға байланысты ой-пікірлерін білдіретін болды.

«Цифрлы Қазақстан» тек бір ғана ІТ саласын ғана емес, сондай-ақ, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған. Бұл ретте әлемдік деңгейдегі жетістіктерді ескеруіміз қажет. Бірде-бір газеті немесе телевидениесі жоқ «Facebook» әлемдегі басты медиа топ болып табылады. Ал, «Alibaba» деп аталатын жер бетіндегі ең үлкен сауда жүйесінің не дүкені, не сауда орны жоқ. Олар электронды саудамен айналысады, онлайн сауда мен мобильді банкинг дегенде елдің назарын осыған аударып отыр. Біз бұған үрке қарамауымыз керек.

Жаңа технологиялардың дамып бара жатқаны соншалық «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы 4 миллионнан аса пост жазылса, «Skype» арқылы сағатына 100 мың адам сөйлеседі екен. Бұдан басқа күнделікті өмірде тұтынатын теледидар, тоңазытқыш, кір жуу машинасы мен көлігімізге дейін автоматтандырылды. Компаниялар мен фирмалар көліктерін түгелдей «GPS» навигаторларымен қамтыды. Бір орында отырып олар қайда жүр, қай бағытпен қозғалуда, міне, осының барлығын біліп отырады. Полиция қызметкерлері «радар» детекторлары арқылы автомашиналардың жылдамдықтарын бақылай алады. Ұшақтар мен тепловоздардың технологиясы да айтарлықтай дамытылған. Мұның барлығы жаңа технологияның жетістігі болып табылады.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасында ІЖӨ-дегі ІТ-секторының үлесін 2020 жылға дейін 5 пайызға жеткізу жоспарланған. Бұл дегенің ІТ-секторында 150 мың жаңа жұмыс орны ашылады деген сөз. Еңбек өнімділігі 37 пайызға жеткізіледі. Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруда басты міндет, ол 85 пайызға дейін жеткізілетін болады. Облыстарда да сәйкесінше тиісті жұмыстар атқарылмақ. «Microsoft» компаниясы еліміздің цифрландыру саласындағы бастамаларға қолдау көрсетуде. Осы компания біздің аймақта да төрт бағыт бойынша жұмыс жасауға ниетті. Олардың ішінде денсаулық, білім және ақылды қала жобалары бар. Бұған қоса Қызылордада ресурстық орталық ашуды жоспарлап

отыр. Орталық қажетті құрал-жабдықтармен қамтылады. Онда оқыту тегін жүргізіледі. Оның үстіне Ресейдің жетекші оқу орындарында Сырдың 500-ге тарта баласы білім алуда. Олар ІТ технологияны жетік меңгеретіні сөзсіз.

Қорыта айтатын болсам, жаңа технологиялардың артықшылығы жеткілікті. Мәселен, ғаламтордан тамашалап жүрген ақылды үйлерде бәрі оңай басқарылады. Екі алақанды бір-біріне соғу арқылы жарық қосылса, теледидарды дыбыспен өшіріп-сөндіруге болады. Сол сияқты ас бөлмесі мен жуынатын бөлмеде де осы секілді кереметтерді жасауға болады. Қолыңды созсаң судың ағатынын өз көзімізбен көрдік. Таңғалатын нәрсе. Бірақ, бұл дәл қазір біз өмір сүріп жатқан қоғамда болып жатыр. Әлем бойынша бір секундта 10 сайт ашылады екен. Тіпті, бір дегенде үш миллион хат жіберіледі. Мұнымен қоса жаңалықтарды уақытында қабылдау да маңызды. Қазір ақпараттың жылдам тарайтын заманы. . Оған ілесу үшін біз барынша білімімізді жетілдіріп отыруымыз қажет [3]. Бір сөзбен айтқанда, цифрлы жүйе әлемдік көшке ілесуде Қазақстан үшін аса маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы 4 бағыт бойынша жүзеге асады:

http://old.baq.kz/kk/news/zhangirtu_30/tsifrli_kazakstan_bagdarlamasi_4_bagit_boiinsha_zhuzeg_e_asadi20170303_091600

2."Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы:

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

3.Цифрлы технология – болашаққа батыл қадам:

<https://syrbayi.kz/negizginews/13883-cifrlly-tehnologiya-bolashaa-batyl-adam.html>